


ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



*Кейбір сайттардағы ақпарат өзекті болмауы мүмкін. Өзекті ақпарат алу үшін Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалыңыз:
1414

Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасы

Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасы бақшашылық пен бағбаншылық саласында (мысалы, Ұлыбритания фермаларында өсімдік шаруашылығы, көкөністер немесе гүлдер жинау) мерзімі 6 айға дейін уақытша жұмысқа орналастыру мүмкіндігін береді.



Қазақстаннан келген маусымдық жұмыскерлерді ресми түрде жұмысқа орналастыру Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасының Ұлыбритания үкіметімен лицензияланған операторлар арқылы ғана жүргізіледі. Қазіргі уақытта маусымдық жұмысшыларды жалдау процесіне бағдарламаның келесі операторлары ғана қатысады*:

Concordia

www.concordia.org.uk/seasonal-work

Pro-Force

www.pro-force.co.uk/our-clients/visa-worker-routes

Fruitful Jobs

www.fruitfuljobs.com/seasonal-worker-scheme

HOPS LabourSolutions

www.hopslaboursolutions.com/sws

Agri-HR


www.agri-hr.com/kz/index.html

****Операторлар туралы ақпарат 2025 жылғы 31 шілдеде, осы жарияланым шығарылған күні өзекті. Ол жарияланған күнінен кейін өзгеруі мүмкін.**

Кейде ресми бағдарлама операторлары бағдарлама шеңберінде жұмыскерлерді жалдау үшін қосалқы мердігердің (Ұлыбританияның үкіметімен лицензияланған басқа жұмыс берушінің) көмегіне сүйенеді. Бұл қосалқы мердігерлер бағдарлама туралы ақпарат бере алады және персоналды іріктеу процесінің бірінші кезеңінде қолдау көрсете алады. Алайда, ресми бағдарлама операторларына ғана жұмыскерлерге Ұлыбританияға келуіне көмектесуге рұқсат етіледі. Егер жоғарыдағы тізімде көрсетілмеген Ұлыбританияның үкіметімен лицензияланған басқа жұмыс берушінің Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасына қатысады деп сендірсе, оның қандай ресми бағдарлама операторымен ынтымақтасатынын тексеріңіз.

Жұмысқа орналастыру тәртібіне не кіреді?

- Бағдарлама операторына не оның ресми сайты арқылы, не Қазақстандағы офисте (Agri-HR жағдайында) немесе Қазақстандағы жұмысшыларды жинау іс-шарасы кезінде (оны ресми бағдарлама операторына жұмыс істейтін қосалқы агент ұйымдастыруы мүмкін. Нақты қайсысына жұмыс істейтінін тексеріңіз) өтініш беру қажет.
- Егер сіз шорт-листке кірсеңіз, сізді бағдарлама операторларының бірі ұйымдастырған көзбе-көз немесе онлайн іс-шараға шақырады, мұнда сіз оның үміткерлерді іріктеу процесіне сәйкес әңгімелесуден/тесттерден өтуіңіз керек.
- Егер сізді таңдаса, сіз жұмысқа шақыруды немесе ұсынысты аласыз
- Осыдан кейін сіз Маусымдық жұмысшы визасына өтініш бере аласыз
- Визасы бар паспорт алғаннан кейін, сіз кетуге дайындықты бастап, ұшаққа билет сатып ала аласыз.
- Кетер күні сіз Ұлыбританияға ұшасыз (тікелей рейспен немесе транзиттік пункт арқылы). Келгеннен кейін сіз әуежайдан фермаға баруыңыз керек (толық ақпаратты бағдарлама операторынан нақтылаңыз).



Назар аударыңыз! Бағдарламаға қатысу, оның ішінде жұмысқа орналастыру процесі, тегін, бірақ сапар шығындарын қоспағанда.

Визаны қалай алуға болады?



Бағдарламаға қатысу үшін маусымдық жұмысшы визасын алуыңыз керек. Визалардың басқа типтері (туристік, транзиттік және т.б.) сізге Ұлыбританияда өсімдік шаруашылығы саласында жұмысқа орналасу құқығын бермейді. Сіз мыналарды ғана төлейсіз:

Визаға өтініш беру үшін төлем (**319 стерлинг фунты**), оны Ұлыбритания үкіметінің сайтында (<https://www.gov.uk/seasonal-worker-visa/apply>) енгізу керек. Егер сіз өтініш беру үшін Астана, Алматы немесе Атыраудағы VFS Global виза орталығында тіркелсеңіз, **76,50 стерлинг фунты** сомасына дейін ақы төлеуіңіз керек.

*Виза **6 ай** ішінде жарамды, және оның қолданылу мерзімін ұзартуға болмайды. Оның қолданылу мерзімін қадағалауыңыз керек, және ол аяқталғаннан кейін Ұлыбританиядан кетуіңіз керек. Әйтпесе, сізді ұстайды да, Қазақстанға депортациялайды. Бұдан басқа, болашақта виза ала алмауыңыз мүмкін.

Ұлыбританияда құқықтарым бар ма?



Жұмыс беруші сізге минималды жалақыны кем дегенде Ұлыбританиядағы минималды жалақының көрсеткішіне сәйкес — 2025 жылғы 1 сәуірде сағатына **12,21 стерлинг фунты** — төлеуге міндетті.

Сізге еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде аптасына кемінде **32 сағат** жұмыс уақыты кепілдік беріледі (сіздің визаңыздың қолданылу мерзімінің 6 айына емес).

Егер сіз өз келісіміңізді бермесеңіз, аптасына 48 сағаттан астам уақыт (оның ішінде үстеме жұмыс) жұмыс істеуіңіз міндетті емес.

Егер сіз күніне 6 сағаттан астам жұмыс істесеңіз, сізге кем дегенде 20 минут **демалуға үзіліс** берілуі керек.

Сізде аптасына 1 демалыс күн немесе 2 аптада **2 демалыс күн** алуға құқығыңыз бар.

Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасы шеңберінде өтініш берген кезде алданып қалмаңыз және алаяқтықтан сақтаныңыз!

Егер алаяқтықпен немесе алдаумен тап болдыңыз деп ойласаңыз, дереу мына әрекеттерді орындаңыз:



1. Әрекеттесуді тоқтатыңыз.

Бірінші және ең маңызды қадам — алаяқтармен дереу кез келген әрекеттесуді тоқтату. Олармен байланысқа шықпаңыз және олармен байланысты ешқандай басқа әрекеттер жасамаңыз.



2. Банкпен байланысыңыз.

Егер сіз оларға дербес деректерді берсеңіз, банкке байланыс орталығының ресми нөмірі бойынша қоңырау шалып банк картасындеревубұғаттаңыз.



3. Құқық қорғау органдарымен мен байланысыңыз.

Сізбен қандай оқиға болғанын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, полицияға немесе сіздің аймағыңыздағы басқа құқық қорғау органына хабарлаңыз. Олар тергеу жүргізеді де, сізді және сіздің деректеріңізді қорғау үшін қажетті шаралар қолданады.



4. Дәлелдерді жинаңыз.

Алаяқтықтың бардық қолжетімді дәлелдерін сақтаңыз, оның ішінде:

- Алаяқтар пайдаланатын аттар немесе лауазымдар
- Оларсізбен байланысқашыққантелефоннөмірлері
- Әлеуметтікжелілердегіпрофильдер, топтардағы хабарламалар, чаттар және онлайн-әрекеттесудің басқа типтері
- Сайттар адрестері (скриншоттарда)
- Электрондық пошта адрестері
- Шот туралы ақпарат, үзінді-көшірмелер, операцияларды растау
- Егер кредит карталары пайдаланылса, чектерді немесе үзінді-көшірмелерді сақтаңыз
- Төлемдердің басқа типтері туралы жазбалар, оның ішінде чектер немесе бастартылған банк аударымдары, ақшалай аударымдар немесе алдын ала төлеу карталары туралы үзінді-көшірмелер

Алаяқтардың құрбаны болмау үшін, мыналарды орындауыңыз қажет:

Шетелде жұмысқа орналастыруды ұсынатын компаниялар мен елдер туралы **бүкіл ақпаратты зерттеңіз** (байланыс деректері, электрондық пошта адресі, телефон нөмірлері, заңды мекенжайлар және т.б.). Есіңізде болсын, Ұлыбританиядағы маусымдық жұмысшылар бағдарламасының шеңберінде 2-бетте көрсетілген бес ресми Бағдарлама операторының бірі ғана Ұлыбританияға келуіңізге демеушілік жасай алады.

Сайт адресін тексеріңіз және онымен байланысты шолулар мен рейтингтерді зерттеңіз. Сайтта ұйымның заңды статусы туралы ақпарат, сондай-ақ толық ақпарат (нақты және заңды мекенжайы) болуы керек. Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында "Салық төлеушілерді іздеу" электрондық қызметі қолжетімді, оның көмегімен ұйымдардың сенімділігін бағалауға және бір күндік фирмаларды анықтауға болады.

Видео қоңырауларды жасауды және олар жүріп жатқанда скриншоттар түсіруді немесе видео жазуды ұсынамыз.

Банктік қартаңыз туралы ақпаратты ешкімге бермеңіз және қол жеткізу кодтарын хабарламаңыз.



Егер алаяқтармен тап болдыңыз деп ойласаңыз, қолдау және кеңес алу үшін Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалыңыз:

1414

Сақ болыңыз! Алаяқтардың әрекеттеріне көбінесе мыналар жатады:



Бағдарлама шеңберінде тіркеу/жұмысқа рұқсат алу үшін ақы сұрау.




Сайттарда, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде (мысалы, WhatsApp, Telegram) Ұлыбританияда жұмысқа орналастыру туралы жалған хабарландыруларды орналастыру.



Жұмысты ұсыну үшін ресми болып көрінетін жалған атауларды және электрондық пошта адресстерін қосымша ақы алу үшін пайдалану.



Жалған сайттарда Ұлыбритания визасы үшін қолданба арқылы немесе қолма-қол ақшамен ақы сұрау.



Банк реквизиттері сияқты жеке құжаттарды беруді талап ету.

Қосымша ақпарат:

Бірыңғай байланыс орталығы: 1414

Мемлекеттік портал:

<https://migration.enbek.kz/main>

Онлайн-алаяқтықтың құрбаны болмау үшін сақ болыңыз.

Егер онлайн-алаяқтықпен тап болсаңыз және сізге көмек немесе кеңес керек болса, бізбен Instagram арқылы байланысыңыз. Біздің аккаунтымыз: @cybercrime.kz



Қосымша ақпаратты порталдан табуға болады:
<https://migration.enbek.kz/main>

Бұл жоба Ұлыбритания Үкіметінің Халықаралық даму бағыты есебінен қаржыландырылды. Материалдағы пікірлер Ұлыбритания Үкіметінің ресми көзқарастарын көрсетпейді.